



**Автор:** Алибекова Айман Жарасовна

**Пән:** Қазақ әдебиеті

**Сынып:** 9-сынып

**Бөлім:** Адам жанының құпиясы

**Тақырып:** І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Т/Ж 1. Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар орындай алады: Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды. Оқушылардың көпшілігі орындай алады:Шығарма мазмұнына сай сұрақтарға жауап береді, көтерілген мәселені талдайды . Кейбір оқушылар орындай алады: Шығарма мазмұнын өз көзқарасы негізінде өмірмен байланыстырады, салыстырады. Шығармадан алған әсері бойынша досына хат жазады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: шығарма мазмұнын өз бетінше меңгереді, сипаттама Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: сюжет, композиция, жанр, поэма Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Талқылауға арналған сұрақтар:Поэманың құндылығы неде? Автор мен Құлагердің арасында қандай ұқсастық бар? Ақын көтерген мәселе өзекті ме?
Күтілетін нәтиже:	Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды. Шығарма мазмұнын өз көзқарасы негізінде өмірмен байланыстырады, салыстырады. Шығармадан алған әсері бойынша досына хат жазады.
Бағалау критерийлері:	Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдайды
Құндылықтарды дарыту:	«Жігітке жеті өнер де аз» демекші Ақанның серілік өнері мен өмірін үлгі ету оқушы бойына дарыту
АКТ-ны қолдану дағдылары:	<a href="https://bilimland.kz">https://bilimland.kz</a> ; сайтын қолдану
Пәнаралық байланыс:	музыка,тарих
Бастапқы білім:	Алдыңғы білімдерін жаңа біліммен ұштастырады. І.Жансүгіровтың өмірі мен шығармашылығы «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы тақырып бойынша білетін білімдерін нақтылау, жинақтау

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психолологиялық ахуал тудыру. «Ыстық лебіз» шеңберге жиналып, бір-біріне тілек айту. Стикер арқылы топқа бөлу	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Ширату жаттығуы. 1-тапсырма Б. Мансұровтың «Құлагер» фильмінен үзінді көрсетіледі. Бейне көрініске байланысты үзіндіні көріңіз Үзіндідегі кейіпкерлер әрекетін бақылап, ойларыңызды ортаға салыңыз «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы жеке, жұптық, топтық жұмыс орындалады</p> <p>Дескриптор • Бейнефильмді көреді • Кейіпкердің әрекетін бақылайды, өзіндік ой түйеді. ҚБ «Көршіңізге айтыңыз» оқушылар өз жұптарын бағалайды</p> <p>2-тапсырма Шығарманың жанрына қарай, сюжеттік –композициялық құрылымын талдаңыз.«Әдеби үйірмелер» әдісі Баяндап беруші-оқиға мазмұнын жүйелі баяндайды; Зерттеуші-поэманың мазмұны бойынша сұрақтар дайындайды; Сілтемелер табушы-оқиға желісіне сәйкес мақал-мәтел табады; Бейнелеуші –суретші- сюжетін аызша суреттейді; Дәнекер- негізгі оқиғаны бүгінгі өмірмен байланыстырады, салыстырады. Дескриптор • жүйелі мазұндайды; • оқиға желісін жан-жақты талдайды; • мазмұны бойынша сұрақтар дайындайды; • оқиға желісіне сай мақалдар табады; • оқиғаның сюжеттік дамуын ауызша суреттейді; • оқиғаны бүгінгі өмірмен байланыстырады. ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек» 3-тапсырма. «Оқиға тауы» әдісі Берілген графикалық оргайзерді пайдаланып, шығарманың композициялық құрылымына сай ретімен орналастырыңыз. Топтық жұмыс: оқиғаның басы, дамуы оқиғаның шиеленісуі оқиғаның шарықтау шегі мен шешімі Дескриптор • шығарманың фабуласы мен сюжеттік дамуын анықтайды; • композициялық құрылымын ретімен орналастырады</p> <p>ҚБ:«Айналмалы бекет» әдісі арқылы топтар бір –бірінің жұмысынбағалайды</p> <p>4-тапсырма. Әр топ өздеріңе берілген поэма үзінділеріненерекше сөз қолданыстарын тауып, кестеге жазыңыз. Теңеу МетафораАрнау Риторикалық сұрақ Дескриптор • ақынның ерекше сөз қолданысынтабады; • анықтаған көркемд.сөздерді кестеге жазады. ҚБ Көңілдісмайликтер арқылы</p>	
Сабақтың соңы	«Өз миыңды суретте» әдісі арқылы сабақ бойынша оқып, үйреніп, білгеніңізді ми суретінің ішіне жазыңыз	
Рефлексия	Аяқталмаған сөйлем	